

"Өнер" бағыты бойынша
Оқу – әдістемелік бірлестік-Жобаларды басқару тобы
(ОӘБ - ЖБТ) №4 отырысының
ЖОБА ШЕШІМІ
2024 жылғы 05 шілде

Бірінші сұрақ бойынша: Өнер бағыты бойынша жоғары оқу орындарының студенттер мен оқытушылар құрамының сыртқы және ішкі академиялық ұтқырлығының әртүрлі нысандарын жетілдіру туралы.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Уразымбетов Д. Д. баяндамасын назарға алу.
2. Студент алмасуға екі тараптың өзара мүдделілігін және ұзақ мерзімді бірлескен жұмысқа дайындығын қамтамасыз ететін шетелдік университеттермен тұрақты стратегиялық серіктестік моделін құру.
3. Ағылшын тілінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оларды сыртқы нарыққа шығару бойынша жұмысты жандандыру
4. Шетелдік серіктес университеттермен бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу.

Екінші сұрақ бойынша: Өнер саласы бойынша білім беру процесстерін интернационалдандыру. Шетел ғалымдарымен бірлесе отырып оқу-әдістемелік құралдарды жасау барысы туралы мәлімет.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Гизатова Г.Б. және Хурматуллина Р.К. баяндамаларын назарға алу.
2. «Өнер» саласында оқытуды жүзеге асыратын ЖОО-ның академиялық қызметтің барлық салаларында білім беруді интернационалдандыру бойынша іс-шараларды күшейту.

Үшінші сұрақ бойынша: 6B021 (Дизайн бағыты) бойынша білім беру бағдарламаларының топтарына өзгерістер енгізу туралы

- 1.Ергөбек Ш.Қ. және Ахмедова А.Т. баяндамаларын назарға алу.
- 2.«Дизайн» бөліміндегі ағымдағы жағдайды түсіндіру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігіне хат жолдау.

Төртінші сұрақ бойынша: ОӘБ-ЖБТ мөрін алу үшін оқу құралдарды басып шығару бойынша ұсыныс:

- 4.1. Т.Ж. Қлышбаев «Халық-сахналық би негіздері» (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті);
- 4.2. Ж.Ж. Толыбаева, Ж.Е.Ибраева «Басу процесстерінің технологиясы» (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті).

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1. Гизатова Г.Б. баяндамасын назарға алу.

2. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының базасында «Өнер» бағыты бойынша ОӘБ-ЖБТ грифін беру және басып шығыру:

-Т.Ж. Қлышбаев «Халық-сахналық би негіздері» атты оқу құралы(Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті);

-Ж.Ж. Толыбаева, Ж.Е.Ибраева «Басу процестерінің технологиясы» атты оқу құралы (Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті).

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ төрағасының
орынбасары, оқу және
оқу-әдістемелік жұмыс
жөніндегі проректор**

Ергөбек Ш.Қ.

**«Өнер» бағыты бойынша
ОӘБ-ЖБТ хатшы**

Гизатова Г.Б.